

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ



EURASIAN NATIONAL
UNIVERSITY



БГПУ
им. М. Ақмұллы



РУДН

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ ЗАМАНАУИ
ТӘСІЛДЕМЕ: ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ПРАКТИКА»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ФОРУМ

МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ФОРУМ

«СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ В ПОДГОТОВКЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ
КАДРОВ: НАУКА И ПРАКТИКА»

INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL FORUM
«MODERN APPROACHES TO TEACHER TRAINING: SCIENCE AND
PRACTICE»

МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана

26 ақпан 2026 жыл



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ**

**«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕМЕ:
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ПРАКТИКА»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ФОРУМ
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ
26 ақпан, 2026 жыл**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ МЕЖДУНАРОДНОГО
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОГО ФОРУМА
«СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ В ПОДГОТОВКЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ:
НАУКА И ПРАКТИКА»
26 февраля, 2026 года**

**PROCEEDINGS OF THE INTERNATIONAL SCIENTIFIC-PRACTICAL FORUM
INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL FORUM
«MODERN APPROACHES TO TEACHER TRAINING: SCIENCE AND PRACTICE»
february 26, 2026**

Астана, 26 ақпан 2026 ж.

УДК 37.0
ББК 74.00
П23

Жалпы редакциясын басқарған: Сомжүрек Б.Ж.

Редакция алқасы: Асылбекова М.П., Атемова К.Т., Байсарина С.С., Сламбекова Т.С.,
Махадиева А.К.

П23 Педагогикалық кадрларды даярлаудағы заманауи тәсілдеме: ғылым және практика: халықаралық ғылыми-тәжірибелік форум материалдары. 26 ақпан 2026 ж./ – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2026. – 1668 бет.

ISBN 978-601-385-193-8

Халықаралық ғылыми-практикалық форум материалдарының жинағында педагог кадрларды даярлаудың заманауи ғылыми-әдіснамалық негіздерін талдау, педагогикалық білім беру саласындағы инновациялық тәсілдер мен тиімді практикаларды айқындау, халықаралық ғылыми тәжірибе алмасуды дамытуға арналған өзекті ғылыми-тәжірибелік зерттеулердің нәтижелері енгізілген. Материалдарда педагогикалық білім мен ғылымның жаһандық трендтері, педагогикалық білім берудегі жасанды интеллект және цифрлық технологиялар, педагог кадрларды инклюзивті білім беруге дайындаудың халықаралық тәжірибесі және инновациялық әдістері туралы мәселелері қарастырылған. Жинақ білім саласындағы мамандарға, ғалымдарға, оқытушылар мен білім алушыларға арналған.

В сборник материалов международного научно-практического форума включены результаты актуальных научно-практических исследований, направленных на анализ современных научно-методологических основ подготовки педагогических кадров, выявление инновационных подходов и эффективных практик в сфере педагогического образования, а также развитие международного научного обмена опытом. В материалах рассматриваются вопросы глобальных тенденций в педагогическом образовании и науке, использования искусственного интеллекта и цифровых технологий в педагогическом образовании, международного опыта и инновационных методов подготовки педагогических кадров к инклюзивному образованию. Сборник предназначен для специалистов в области образования, ученых, преподавателей и обучающихся.

The proceedings of the International Scientific and Practical Forum include the results of relevant scientific and practical research aimed at analyzing the modern scientific and methodological foundations of teacher training, identifying innovative approaches and effective practices in the field of teacher education, as well as promoting international scientific exchange of experience. The materials address issues related to global trends in pedagogical education and science, the use of artificial intelligence and digital technologies in teacher education, as well as international experience and innovative methods of preparing teaching staff for inclusive education. The collection is intended for education professionals, researchers, teachers, and students.

УДК 37.0
ББК 74.00

ISBN 978-601-385-193-8

© Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2026

Бұл жинаққа енгізілген материалдарға авторлар жауапты.
Authors are responsible for the content of their materials.

219	Zhakupbekova D.S., Utepov A.B. Digital technologies and artificial intelligence in the professional development of physical education teachers	914
220	Закерьяева М.Ю. Искусственный интеллект в современном образовании: возможности, риски и перспективы развития	917
221	Амангелді А.С. Педагогикалық білім берудегі жасанды интеллекттің рөлі мен маңызы	919
222	Аманбай А.Т. Болашақ педагогтарды даярлауда жасанды интеллект технологияларын қолдану	923
223	Orazbek A.A., Amanbayeva M. B The use of artificial intelligence tools for developing data interpretation and visualization skills in the training of future biology teachers	926
224	Кабулова Г.К. Автоматизация административной работы в образовании с помощью ИИ	930
225	Нурыева А.С. Цифрлық тәуелділік және жоғары сынып оқушыларының әлеуметтенуі	933
<p>3-секция: Педагог кадрларды инклюзивті білім беруге дайындаудың халықаралық тәжірибесі және инновациялық әдістері 3-секция: Международный опыт и инновационные методики подготовки педагогических кадров к инклюзивному образованию 3-section: International experience and innovative methods of training teachers for inclusive education</p>		
226	Аханов А.Т., Бірліхан Е. Дене шынықтыру және спорт мамандығында білім алатын студенттерді инклюзивті білім беруге дайындау мәселелері	938
227	Михайленко О.И. Современные проблемы реализации инклюзивного образования и пути их решения в условиях высшего образования	943
228	Умаралиева М.А. Международный опыт и инновационные методики подготовки учителей к развитию инклюзивной культуры	945
229	Едигенова А.Ж. Ерекше білім беру қажеттілігі бар баламен ересек адамның қарым-қатынасы	949
230	Арипова М.Р. Внедрение ценностно-ориентированных практик в системе непрерывного профессионального развития учителя информационной технологии в школе	953
231	Батаева С.Д. Инклюзивное образование как основное условие гуманизации учебного процесса начальной школы	957
232	Дюсенбаева Б.А., Халикова Б.Т. Қазіргі педагогтерінің инклюзивті құзыреттілігін айқындайтын негізгі ерекшеліктер	962
233	Жанатова Г.А. Внедрение практик в исследованиях в области специального образования	967
234	Момунова А.Н. Роль дистанционного обучения для подростков с инвалидностью в получении профессионального образования	971

235	Момунова А.Н., Маматова А.А. Психологические особенности и формы конфликтного поведения подростков с инвалидностью	976
236	Муталиева А.Ш., Ахтанова С.К. Педагог кадрларды инклюзивті білім беруге дайындаудың халқаралық тәжірибесі және инновациялық әдістері	980
237	Ногайбаева М.К., Әлімбаева А.Қ. Инклюзивті білім беру жағдайында педагог кадрларды кәсіби қызметке даярлау	985
238	Baisarina S.S., Makhadiyeva A., PrimbekovaZh. Application of ict-technologies in elementary school in inclusive education	991
239	Нұрбекова А.М., Сарсенова Б.Ж. Аутистік спектрі бұзылысы бар балаларға кешенді тілдік дамыту бағдарламаларының ғылыми негіздері.	996
240	Нұрбекова А.М., Жанузаков Н.К. Аутистік спектрлі бұзылысы бар балалардың сөйлеу тілін логопедиялық түзетуде қолданбалы мінез-құлық талдау әдістерін пайдалану	1001
241	Шавалиева З.Ш., Жумажанова К.И. Социально-педагогическая поддержка семьи, воспитывающей ребёнка с РАС	1005
242	Сейдина М.З., Есимова Н. Б. Қазақстан республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың стратегиялық негіздері мен жүзеге асыру тетіктері	1011
243	Kabakova M.B., Әбілдина С.Қ. Инклюзивті білім беру жағдайында педагог-психологтардың білім беру құзыреттіліктерін дамытудың жаңа тенденциялары	1015
244	Бекжанова С.Ж. О.С. Никольская бойынша II топтағы аутизмі бар балалармен жұмыс жүргізуде визуалды қолдаудың тиімділігі	1019
245	Турманова Ж.Е. Инклюзия жағдайында қызмет ететін мамандардың психологиялық құзыреттілігі	1024
246	Каракпаева С.К., Матиева Г.Д. СТЖД деңгейіне байланысты сөйлеу тілін дамытудың дифференциалды тәсілдері	1029
247	Жукашева Г.М. Инклюзивті білім беруде педагог-ассистент әрекетінің сенсомоторлық моделі	1033
248	Жолдасбек Г.И. UDL қағидалары негізінде аі құралдарымен есту қабілеті бұзылған оқушыларға арналған оқу материалдарын әзірлеу әдістемесі және оны оқу үдерісінде қолдану	1037
249	Куандыкова А.К. Инклюзивті білім беруде қауіпсіз психологиялық және жайлы орта қалыптастыру қағидалары	1042
250	Танирбергенова С.О. Мектепте ерекше балаларға толерантты қатынасын қалыптастыру жолындағы сынып жетекшісінің ролі	1047
251	Темиргалиева А.Н. Арнайы мектеп-интернатта ерекше білім беруді қажет ететін	

	оқушыларды география пәніне оқытуда жасанды интеллект технологияларын пайдаланудың тиімділігі	1050
252	Айтқұлова Н.Ж., Махаметова З.А. Балалардың ерте психикалық дамуының ерекшеліктері	1054
253	Топатаева М.К. Визуалды қолдау технологиясының инклюзивті білім берудегі маңызы мен мәні	1057
254	Махаметова З.А., Айтқұлова Н.Ж. Инклюзивті білім беру аясында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың әлеуметтік бейімделуін психологиялық қолдаудың тиімді жолдары	1062
255	Ұлықбек А.Қ. Инклюзивті білім берудің қажеттіліктері	1065
256	Mukashaeva A., Dyussenbaeva B.A. Barriers to inclusive culture in the educational environment of higher education institutions	1069
257	Алимқұлова Т.С. Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ тәрбиешілердің жобалау құзыреттілігін қалыптастыру	1072
258	Дрепина А., Жубақова С. Готовность будущих учителей к социализации детей с расстройствами аутистического спектра в условиях общеобразовательной школы	1076
259	Бақтиярова Д.А., Жусупова Д.Б. Мектепке дейінгі ұйымдағы логопед жұмысы және заманауи технологиялар	1086
260	Даутбаева Т.С., Малғайдарова Г.Т., Ермашева А.О. Инклюзивті білім беру жағдайында әлеуметтік бейімделу мәселелері	1089
261	Ештай М.М. Жалпы сөйлеу дамуы бар бастауыш сынып оқушыларының орфографиялық дағдыларды меңгеруге қажетті алғышарттары	1094
262	Жанғожина Қ.Б. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жүргізілетін түзету оқу-тәрбие жұмысы	1098
263	Избасар А.Ә. Сөйлеу тілінің дамуындағы фонематикалық қабылдаудың рөлі	1102
264	Керімбекова А.А. Психолого-педагогическая поддержка развития непозиционного лидерства преподавателей колледжа	1106
265	Қайролла Д.Е., Кизат Г.Е., Мадешова А.А. Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің инклюзивті құзыреттілігін трансформациялау жолдары	1111
266	Қостай Д.Т. Болашақ әлеуметтік педагогтерді сервис-лернинг технологиясы арқылы волонтерлік іс-әрекетке дайындаудың отандық және халықаралық тәжірибесі	1114
267	Мақсұт Е.Н. Инклюзивті білім беру жүйесінде жасанды интеллектті қолданудың тиімділігі	1119
268	Матиева Г.Д., Каракпаева С.К., Әлшериев Е.Т. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу белсенділігін арттырудағы инновациялық логопедиялық әдістер	1123

269	Нагайцев Т.О. Психолого-педагогические стратегии подготовки педагогических кадров к предупреждению суицидального поведения несовершеннолетних: междисциплинарная модель школьной превенции	1128
270	Оразбаева Д.С. Ағылшын тілі сабағында инклюзивті білім берудің ерекшеліктері	1133
271	Сыдыкова Г.Д., Токсанбаева Г.Б. Танымдық ойындардың аутизм спектрі бұзылысы бар балалардың сөйлеу тілін дамытудағы рөлі	1136
272	Тайғарина А.Э. Психикалық дамуында тежелуі бар бастауыш сынып оқушыларын білім беру ортасына бейімдеудегі әлеуметтік педагогтың рөлі	1139
273	Турсунбаева А.У. Инклюзивті білім беру жағдайында педагог кадрларды кәсіби даярлаудың инновациялық тәсілдері: халықаралық көзқарас	1142
274	Сейткамалова А.К. Тәрбиеленушілер арасындағы агрессияның алдын-алу тәсілдері	1146
275	Толеуханова А.Д. Инклюзивті мәдениет зерттеулеріндегі әдіснамалық тұғырлар	1149
276	Турекулова Н.А. Бастауыш білім беру арқылы нашар еститін оқушылардың экологиялық сауаттылығын арттыру	1153
277	Болат Б.Қ. Жасөспірімдердің салауатты өмір салтын дене тәрбиесі арқылы қалыптастырудың маңызы	1155
278	Бейсенбаева Ж.Н. Жасөспірімдердің кәсіби өзін-өзі анықтауын психологиялық-педагогикалық қолдаудың ерекшеліктері	1159
279	Мендигереева Д.А. Студенттердің өмірлік құндылықтары мен денсаулыққа көзқарасының психологиялық аспектілері	1162
280	Шарапатова Р.Ж. Девиантты мінез-құлықты жасөспірімдер типологиясын талдау	1167
281	Жақыпбекова З.Ж. Мектеп жасындағы жасөспірімдердің өзін-өзі реттеу мәселелері	1171
<p>4-секция: Заманауи педагогтің кәсіби дамуындағы құндылықтық тәсілдеме 4-секция: Ценностный подход к профессиональному развитию современного педагога 4-section: Value-based approach to the professional development of the modern teacher</p>		
282	Абдукаримов Н.А. Педагогические принципы совершенствования уроков физического воспитания для учащихся начальных классов	1176
283	Куттибекова Г.Т. Организация процесса начального образования на основе передовых современных педагогических технологий	1179
284	Абилова Г.О. Заманауи педагогтың кәсіби дамуында педагогикалық вебинарлардың рөлі	1182
285	Ибадуллаева С.Ж., Кожаберженова А.Т. Биология пәні негізінде жоғары сынып оқушыларына экологиялық білімді қалыптастырудың маңыздылығы	1187

2. Никольская О. С. Детский аутизм: диагностика и коррекция. – М. : Просвещение, 2012. – 160 с.
3. Баенская Е. Р., Никольская О. С. Эмоционально-смысловой подход в коррекции аутизма. – М. : Генезис, 2008. – 312 с.
4. Schopler E., Mesibov G. B. TEACCH Approach to Autism Spectrum Disorders. – New York : Springer, 2010. – 305 p.
5. Hodgdon L. Q. Visual Strategies for Improving Communication: Practical Supports for School and Home. – Troy, MI : QuirkRoberts Publishing, 2015. – 248 p.
6. Dettmer S., Simpson R., Myles B., Ganz J. Using visual supports to facilitate transitions of students with autism // Focus on Autism and Other Developmental Disabilities. – 2000. – Vol. 15, No. 3. – P. 163–169.
7. Ozonoff S., Dawson G., McPartland J. A Parent's Guide to High-Functioning Autism Spectrum Disorder. – New York : Guilford Press, 2015. – 352 p.
8. Hallahan D. P., Kauffman J. M., Pullen P. C. Exceptional Learners: An Introduction to Special Education. – 13th ed. – Boston : Pearson Education, 2018. – 544 p.

ӘОЖ 159.99

ИНКЛЮЗИЯ ЖАҒДАЙЫНДА ҚЫЗМЕТ ЕТЕТІН МАМАНДАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ

Турманова Жанагул Егембердиевна

Психология білім беру бағдарламасы бойынша PhD докторант,

Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, Астана, Қазақстан

zhannaturman@gmail.com

Аннотация Инклюзиялық тәжірибе жағдайында қызмет ететін мамандардың кәсіби тиімділігі тек әдістемелік біліммен шектелмей, күрделі әлеуметтік-эмоциялық өзара әрекет болып табылады. Сондай-ақ көпсалалы командамен ынтымақтастық және жоғары стресстік жүктемеде тұрақты жұмыс жүргізу қабілеттерімен айқындалады. Осы мақалада маманның психологиялық құзыреттері интеграцияланған жүйе ретінде қарастырылады, атап айтқанда: когнитивтік, эмоциялық-реттеушілік, коммуникативтік, копингтік компоненттері талданады.

Тақырыптың өзектілігі инклюзия тәжірибесінің кеңеюімен бірге маманның атқаратын рөлдерінің күрделенуі, қызметтің эмоциялық шарттары мен кәсіби қажу тәуекелдерінің артуы, оған қоса командалық өзара әрекет сапасының білім алушы нәтижелеріне тікелей ықпал етуімен сипатталады. Мақалада құзыреттерді бөлек дағдылар жиынтығы ретінде емес «бағалау - өзін-өзі реттеу - коммуникация - копинг» тізбегімен өзара күшейтетін жүйе ретінде сипаттаудың маңызды екені айтылады. Сондай-ақ осы тізбекті мамандарды даярлау мен қайта даярлау бағдарламаларына құзыреттілік индикаторлары ретінде енгізу тәсілдері ұсынылады.

Мақала «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты» № 244 Ж/К бұйрығы негізінде жүзеге асыру әрекетіндегі «Педагогтердің инклюзивті орта қалыптастырудағы рөлі: даярлау және қолдау» атты ынталы жоба аясында дайындалды.

Annotation The professional effectiveness of specialists working in inclusive practices is not limited to methodological knowledge; it is also a complex socio-emotional interaction. It is also determined by the ability to cooperate with a multidisciplinary team and to work stably under high stress levels. This report considers the psychological competencies of a specialist as an integrated system, analysing the cognitive, emotional-regulatory, communicative and coping components.

The relevance of this topic is determined by the expansion of inclusive practices and the increasing complexity and emotional demands of professional roles, as well as the risk of burnout. There is also a direct impact on learners' outcomes from the quality of team interaction. The paper proposes an approach that conceptualises competencies as a mutually reinforcing system structured along the sequence of «appraisal – self-regulation – communication – coping», and outlines ways of integrating this model into pre-service and in-service training programmes through competency-based indicators.

Түйін сөздер: инклюзивті тәжірибе; әлеуметтік-психологиялық сүйемелдеу; психологиялық құзыреттер; кәсіби тиімділік; командалық өзара әрекет; эмоциялық реттеу; копинг стратегиялары.

Keywords: inclusive practice; socio-psychological support; psychological competencies; professional effectiveness; multidisciplinary teamwork; emotional regulation; coping strategies.

Қазіргі білім беру және әлеуметтік қолдау жүйесінде инклюзивті ортада қызмет атқаратын мамандардың кәсіби дайындығы мен психологиялық құзыреттерін дамыту өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Инклюзия жағдайында педагогтер, психологтер, әлеуметтік педагогтер мен педагог-ассистенттер тек пәндік немесе әдістемелік біліммен шектелмей, тұлғааралық өзара әрекет, эмоционалдық тұрақтылық, стресс-менеджмент, кәсіби рефлексия және тиімді копинг-стратегияларды меңгеруі қажет. Осы тұрғыда мамандардың психологиялық құзыреттері инклюзивті тәжірибенің сапасын анықтайтын негізгі фактор ретінде қарастырылады.

Аталған баяндамада инклюзия саласындағы мамандардың психологиялық құзыреттерінің құрылымы, мазмұны және кәсіби қызметтегі рөлі ғылыми-теориялық және практикалық тұрғыда талданады. Маманның психологиялық құзыреттері интеграцияланған жүйе ретінде қарастырылады, атап айтқанда: біріншіден, когнитивтік компонент – инклюзивті жағдайды кәсіби талдау, дәлелді шешім қабылдау, ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау логикасын меңгеру; екіншіден, эмоциялық-реттеушілік компонент – эмоцияларды тану, өзін-өзі реттеу, эмоционалдық коммуникация және кәсіби әл-ауқатты (потенциалды) сақтау; үшіншіден, коммуникативтік компонент – ата-анамен, педагогтермен, әкімшілікпен және мамандар тобымен тиімді пікірлесе алуы, келіссөз және бірлескен жоспарлауды жүзеге асыру; төртіншіден, копингтік (күресу, еңсере алу) компоненті – стресс жағдайын бағалау, ресурстарды іске қосу, бейімделгіш копинг-стратегиялары арқылы күйзеліс пен кәсіби қажуды профилактикалау.

Психологиялық құзыреттердің когнитивтік, эмоциялық-реттеушілік, коммуникативтік және копингтік компоненттерін интеграцияланған жүйе ретінде қарастыру маңызды. Сонымен қатар, инклюзивті ортада туындайтын кәсіби стресс пен эмоционалдық күйзелістің алдын алуда психологиялық құзыреттердің реттеуші механизмі ретінде маңызы айқындалады. Баяндаманың практикалық мәнділігі инклюзия саласында қызмет ететін мамандарға арналған психологиялық қолдау мен кәсіби дамудың бағыттарын айқындауымен, сондай-ақ біліктілікті арттыру курстары мен әдістемелік бағдарламаларды жетілдіруге негіз болуымен сипатталады. Ұсынылған мазмұн инклюзивті білім беру мен әлеуметтік-психологиялық сүйемелдеу жүйесінде мамандардың кәсіби тұрақтылығы мен тиімділігін арттыруға бағытталған.

Ұсынылған мәселенің теориялық-әдіснамалық негіздеріне тоқталатын болсақ, инклюзивті тәжірибеде әлеуметтік-психологиялық сүйемелдеу жүйесін қалыптастыру мәселесі қазіргі арнайы педагогика мен психология ғылымында пәнаралық, жүйелік және құзыреттілік тәсілдері тұрғысынан қарастырылуда. Бұл бағыттағы теориялық-әдіснамалық негіздер инклюзивті білім беру философиясына, мамандардың кәсіби құзыреттерін дамыту тұжырымдамасына, эмоциялық құзыреттілік пен копинг стратегиялары теорияларына сүйенеді. Сондай тәсілдердің бірі С. Forlin ұсынған инклюзияға даярлау парадигмасы, педагог-маман даярлығына жүйелік өзгерістер жайындағы «Teacher Education for Inclusion» еңбегін арқау етуге болады [1].

Инклюзивті сала маманының тиімді қызметі оның кәсіби құзыреттерінің жүйелі дамуына тәуелді екені айқындайтын теориялық көзқарастарға сәйкес нақтылайтын болса, инклюзивті ортада жұмыс істейтін маман жеке функцияларды орындаушы ғана емес әлеуметтік-психологиялық сүйемелдеу жүйесінің белсенді субъектісі болып табылады. Бұл тәсіл практикалық тұрғыда командалық жұмысты, жауапкершілікті бөлу мен кәсіби өзара әрекетті ұйымдастырудың негізі ретінде қызмет етеді.

Инклюзивті маман құзыреттерін сипаттайтын еңбектердің кейбіріне шолу жасап ұсынған EASNIE агенттігі инклюзивті тәжірибедегі кәсіби рөлдердің, нақтырақ айтқанда оқыту, қолдау, ынтымақтастық компоненттері туралы талдау жасаған. Оның ішінде «Profile of Inclusive Teachers», «Inclusive Education and Effective Classroom Practices: Literature Review» еңбектерінде «құндылық – құзырет – әрекет» логикасымен сипаттайтын практикалық негіздемені ұсынады. Мұнда инклюзия тек білім алушыға бейімделу емес, сонымен қатар маманның кәсіби ойлау жүйесін, құндылықтарын және әрекет тәсілдерін

қайта құруды талап ететін үдеріс ретінде сипаттайды. Осы инклюзивті тәжірибедегі тиімді практикалар және командалық сүйемелдеу жайында «Inclusive Education and Effective Classroom Practices» шолуында инклюзивті тәжірибенің табыстылығы көп жағдайда көпсалалы мамандар командасының үйлесімді әрекетіне байланысты екені көрсетіледі. Мұнда әлеуметтік-психологиялық сүйемелдеу жүйесі үздіксіз, көпдеңгейлі және баланың қажеттіліктеріне икемделген процесс ретінде қарастырылады [2, 3].

Жоғарыда талданған теориялық тұжырым практикалық тұрғыда мамандардың қызметтерін нақты регламенттеуге, сүйемелдеу бағдарламаларын кешенді түрде жоспарлауға және командалық консилиумдар, супервизиялар мен рефлексиялық тәжірибелерді енгізуге негіз болады. Кәсіби тиімділікті өлшеудің құзыреттік модельдерін мамандардың кәсіби тиімділігін бағалаудың әдіснамалық негізі құзыреттілік модельдермен байланыстырамыз. U.Sharma және әріптестері өз еңбектерінде «Teacher Efficacy for Inclusive Practices (TEIP)» моделін ұсынып, мамандардың инклюзивті мәселеге сай нұсқаулық жүргізу, мінез-құлықты басқару және кәсіби ынтымақтастық құзыреттерін бағалауға мүмкіндік берген. Бұл модельдің маңызы – инклюзивті қызметтегі тиімділікті абстракттілі ұғым ретінде ғана емес, өлшенетін кәсіби әрекеттер жүйесі ретінде де қарастыруында. Практикалық тұрғыда TEIP және соған ұқсас модельдер мамандардың кәсіби дамуын бақылауға, мақсатты біліктілікті арттыру бағдарламаларын әзірлеуге негіз бола алады [4].

Инклюзивті тәжірибеде мамандардың кәсіби тұрақтылығы көбіне олардың эмоциялық құзыреттілігіне де тәуелді. E.Calandri, S. Mastrokoukou және т.б. әріптестерінің жүйелі шолуында эмоциялық құзыреттілік инклюзивті білім беру жағдайында кәсіби тиімділіктің, командамен өзара әрекеттің және эмоционалдық әл-ауқаттың негізгі предикторы ретінде қарастырылады. Бұл теориялық ұстаным практикалық тұрғыда эмоцияны тану, өзін-өзі реттеу және эмоционалдық қажудың алдын-алу дағдыларын дамытуға бағытталған тренингтік бағдарламалардың маңыздылығын негіздейді. Сонымен қатар, эмоциялық құзыреттілік ұжымдық коммуникация сапасын арттырудың психологиялық шарты ретінде танылады [5].

Инклюзивті тәжірибеде қызмет ететін мамандар үшін жоғары стресс деңгейі мен кәсіби қажу тәуекелі тән екені белгілі болуда. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істейтін мамандарда қолданылатын копинг стратегиялары мен кәсіби қажу арасындағы тікелей байланыс B. Brittle «Coping strategies and burnout in staff working with students with special educational needs and disabilities» зерттеуінде дәлелдеген. Оның тұжырымдауында копингті жеке психологиялық ресурс ретінде ғана емес, әлеуметтік-психологиялық сүйемелдеу жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Мамандарды бейімделгіш копинг стратегияларына үйрету, ұйымдық қолдау мен кәсіби ресурстарды күшейту арқылы кәсіби тұрақтылықты арттырудың практикалық мәні зор екендігін көрсетеді [6].

Осылайша, қарастырылған теориялар инклюзивті тәжірибеде әлеуметтік-психологиялық сүйемелдеу жүйесін қалыптастырудың ғылыми негізін құрайды. Инклюзивті білім беру парадигмасы, құзыреттік тәсіл, эмоциялық құзыреттілік және копинг теориялары өзара байланыса отырып, мамандардың кәсіби тұрақтылығы мен тиімділігін арттырудың теориялық және практикалық арқауы инклюзивті тәжірибеде жұмыс істейтін мамандарды даярлау, қолдау және кәсіби дамытудың тиімді модельдерін әзірлеуге мүмкіндік береді.

Арнайы педагогика және психология саласындағы мамандардың психологиялық құзыреттіліктері когнитивтік, эмоциялық-реттеушілік, коммуникативтік және копингтік компоненттердің өзара байланысқан интеграцияланған жүйесі ретінде қарастырылуы тиіс. Бұл жүйе инклюзивті ортада кәсіби тиімділік пен психологиялық тұрақтылықтың негізгі шарты болып табылады. Сонымен қатар, инклюзивті педагогика тәжірибелерінің нақты мысалы мамандардың оқытуды жоспарлау, әртүрлі қажеттіліктерді ескеру және барлық оқушылар үшін ортақ қатысу мүмкіндігі бар орта құру қабілеттерін арттыратыны туралы айту шарт. Осылайша, инклюзивті ортада кәсіби тиімділік пен психологиялық тұрақтылықты

қамтамасыз ету үшін мамандардың кәсіби білім, тәжірибе және сенім жүйесінің интеграцияланған компоненттері маңызды екені айқындалады.

Өзара байланысқан интеграцияланған жүйе ретінде қарастыра отырып инклюзивті практиканың негізі маманның когнитивтік тұрғыда оқыту жағдайын талдай алуына және барлық білім алушыларды қамтитын шешімдерді жобалау қабілетіне тірелетінін көрсетеді. Бұл когнитивтік бағалау маманның эмоциялық-реттеушілік қабілеттерімен тығыз байланысты, өйткені инклюзия жағдайында белгісіздік пен күрделілік эмоционалдық тұрақтылықты талап етеді. Сонымен қатар, бұл қызметте коммуникативтік компоненттің маңызы ерекше атап өтіледі, яғни тиімді инклюзивті практика әріптестермен бірлесіп ойлау, келісілген әрекет және кәсіби диалог арқылы жүзеге асады.

Төменде 1-суретте психологиялық құзыреттіліктері когнитивтік, эмоциялық-реттеушілік, коммуникативтік және копингтік компоненттердің өзара байланысқан интеграцияланған жүйесі ұсынылады.



Сурет 1. Психологиялық құзыреттіліктері когнитивтік, эмоциялық-реттеушілік, коммуникативтік және копингтік компоненттердің өзара байланысқан интеграцияланған жүйесі

Инклюзивті тәжірибені ұзақ мерзімді қолдаудың шарты ретінде маманның кәсіби төзімділігі мен бейімделгіштігін айта аламыз, бұл мазмұны жағынан копингтік компонентпен үндеседі. Осылайша психологиялық құзыреттіліктер инклюзивті практиканы қамтамасыз ететін тұтас, өзара күшейетін жүйе ретінде теориялық тұрғыда негізделеді, ал практикалық тұрғыда психологиялық құзыреттіліктердің өлшенетін индикаторларын өзара топтастырады. Оны төмендегі 1-кесте арқылы сипаттауға болады.

Кесте 1. Психологиялық құзыреттіліктердің өлшенетін индикаторлары

Компоненттері	Когнитивтік-кәсіби ойлау және талдау құзыреті	Эмоциялық-реттеушілік - эмоцияны тану және өзін-өзі реттеу құзыреті	Коммуникативтік-кәсіби өзара әрекет және ынтымақтастық құзыреті	Копингтік-стресске төзімділік және кәсіби бейімделу құзыреті
Индикаторлары	Инклюзивті жағдайды кәсіби тұрғыда талдай алады	Өз эмоциялық күйін таниды	Ата-анамен конструктивті диалог жүргізеді	Стрессорды нақты бағалайды
	Ерекше білім беру қажеттіліктерін дифференциациялайды	Күйзеліс жағдайында өзін ұстай алады	Командалық жұмысқа белсенді қатысады	Бейімделгіш копинг стратегияларын қолданады
	Шешім қабылдауда дәлелді стратегия қолданады	Эмоциялық реакцияны саналы реттейді	Қиын коммуникацияны басқара алады	Әлеуметтік және кәсіби ресурстарды пайдаланады

	Теорияны практикалық жағдаймен байланыстырады	Эмпатияны кәсіби шекарада қолданады	Кері байланысты дұрыс береді және қабылдайды	Кәсіби шекараны сақтайды
	Кәсіби қателіктерді таниды және түзетеді	Эмоциялық қажу белгілерін ерте таниды	Қақтығысты кәсіби жолмен шешеді	Кәсіби қажудың алдын алу стратегияларын қолданады

Инклюзивті тәжірибегі кәсіби бейімделу құзыретінде өзін-өзі тиімділік сенімі бойынша өлшенетін индикаторлар жүйесі жайында Y. Leysen өз әріптестерімен бірге «Changes in Self-efficacy of Prospective Special and General Education Teachers: Implication for Inclusive Education teacher self-efficacy» еңбегінде мағыналы түсінік береді [7]. Осы зерттеуде «self-efficacy» шкаласы арқылы мамандардың инклюзивті жағдайдағы кәсіби сенімін бірнеше компонент бойынша өлшейтін құрылымды ұсынады, олар: әлеуметтік өзара әрекетке сенімділік (efficacy for social relations) – кәсіби топтардағы қарым-қатынасты жоспарлау және жүзеге асыруға деген сенім; туынды тәжірибелермен байланысты білім және дағдыларға сенім – ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылармен жұмыс тәжірибесі жоғары болған сайын, өзін-өзі тиімділік көрсеткіштері артады; инклюзияға дайындаудың әсері – енгізілген оқу-даярлау бағдарламаларының, оның модульдерінің тиімділігі мен мазмұны жоғары болған сайын, өзін-өзі тиімділік белгілері күшейеді; академиялық мамандану деңгейі – арнайы педагогика мамандығы бойынша оқу тәжірибесінің ұзақтығы мен тереңдігі жоғары болған сайын «self-efficacy» көрсеткіштері де жоғарылайды; көпөлшемді сенім құрылымы – шкала төрт фактордан тұрады, олар жалпы «кәсіби сенімділік», «әлеуметтік өзара әрекет», «нақты инклюзивті іс-әрекет жоспарлау» және «оқу-тәрбиелік жағдайларды басқару қабілеті» секілді компоненттерді қамтиды. Осы көрсеткіштер индикаторлар жүйесі ретінде бір-бірімен байланысып мамандардың құзыреттеріне негізделген кәсіби тиімділікті бағалауға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, инклюзивті тәжірибеде мамандардың кәсіби тиімділігі мен психологиялық тұрақтылығы когнитивтік, эмоциялық-реттеушілік, коммуникативтік және копингтік компоненттердің өзара байланысқан интеграцияланған жүйесі арқылы қамтамасыз етіледі. Инклюзивті ортаның сапасын арттырып, мамандардың кәсіби қажуының алдын алудың негізгі шарты осы құзыреттерді жүйелі дамыту мен оларды кәсіби даярлау және қайта даярлау бағдарламаларына енгізу маңызды болып табылады.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Teacher Education for Inclusion: Changing Paradigms and Innovative Approaches / Ed. by C. Forlin. – London: Routledge, 2010. – 264 p.
2. Profile of Inclusive Teachers. – Odense, Denmark: European Agency for Development in Special Needs Education, 2012. – 56 p.
3. Inclusive Education and Effective Classroom Practices: Literature Review / European Agency for Development in Special Needs Education. – Odense, Denmark, 2011. – 78 p.
4. Sharma U., Loreman T., Forlin C. Measuring teacher efficacy to implement inclusive practices // Journal of Research in Special Educational Needs. – 2012. – Vol. 12, No. 1. – P. 12–21. <https://doi.10.1111/j.1471-3802.2011.01200.x>.
5. Calandri E., Graziano F., Testa S., Cattellino E., Begotti T. Teacher emotional competence for inclusive education: A systematic review // Teaching and Teacher Education. – 2025. – Vol. 131. – Article 104199. <https://doi.10.1016/j.tate.2024.104199>.
6. Brittle C. Coping strategies and burnout in staff working with students with special educational needs and disabilities // Teaching and Teacher Education. – 2020. – Vol. 87. – Article 102937. <https://doi.10.1016/j.tate.2019.102937>.
7. Leysen, Y., Zeiger, T., & Romi, S. Changes in Self-efficacy of Prospective Special and General Education Teachers: Implication for inclusive education. International Journal of

ӘОЖ 376.36

СТЖД ДЕНГЕЙІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМЫТУДЫҢ ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫ ТӘСІЛДЕРІ

Каракпаева Сарбиназ Куанышбековна

Магистр, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті,
(Қазақстан, Шымкент қ.)
sarbinaz.karakpaieva.86@mail.ru

Матиева Гулноза Дилшодкизи

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының 2-курс магистранты (Қазақстан, Шымкент қ.)

Аннотация Развитие речи играет ключевую роль в жизни ребенка. Оно не только устанавливает взаимодействие с окружающей средой, но и способствует эмоциональному, социальному и интеллектуальному развитию. У детей с общим недоразвитием речи (ОНР) данный процесс протекает сложнее, что проявляется в недостаточности словарного запаса, трудностях усвоения грамматических структур, а также в фонетико-фонематических нарушениях. В данной статье рассматриваются особенности словотворчества детей дошкольного возраста с общим недоразвитием речи (ОНР) III уровня.

Abstract Speech development plays a crucial role in a child's life. It not only establishes interaction with the environment but also contributes to emotional, social, and intellectual development. For children with General Speech Underdevelopment (GSU), this process is more challenging due to a limited vocabulary, difficulties in mastering grammatical structures, and phonetic-phonemic disorders. This article examines the characteristics of word-formation and verbal creativity in preschool children with Level III General Speech Underdevelopment.

Ключевые слова: дошкольник, словотворчество, общее недоразвитие речи (ОНР), логопедическая работа.

Keywords: preschooler, word-formation, general speech underdevelopment (GSU), logopedic work.

Сөйлеу тілі – адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасау, ақпарат алмасу, ой-пікірлерін білдіру үшін қолданатын тілдік құралдары мен механизмдері. Ол біздің ішкі әлеміміздің айнасы іспеттес. Әр сөз бен әуез адамның жан дүниесін, оның мәдени деңгейі мен ой-өрісін аңғартады. Мәселен, ана тілінде сөйлеу – туған жердің тарихы мен салт-дәстүрін терең түсінуге мүмкіндік береді. Тіл арқылы біз ұлттық құндылықтарды ұрпақтан ұрпаққа жеткізе отырып, ұлттың рухани жаңғыруына ықпал етеміз. Сөйлеу тілі арқылы қалыптасқан мақал-мәтелдер, нақыл сөздер мен аңыздар халық даналығының көрінісі болып табылады.

Сөйлеу тілінің дамымауы, яғни сөйлеу қабілетінің кешеуілдеуі немесе аномалиялары – балалар мен ересектер арасындағы түйінді мәселелердің бірі. Бұл жағдай әртүрлі себептер мен факторларға байланысты болуы мүмкін.

Сөйлеу тілінің дамымау себептері:

Генетикалық факторлар: Кейбір балалардың сөйлеу тілінің дамымауы тұқым қуалайтын факторларға байланысты болуы мүмкін. Ата-анасында немесе жақын туыстарында сөйлеу ақауларының болуы баланың осындай қиындықтарға тап болу қаупін арттырады.

Физикалық және анатомиялық факторлар: Балада ауыз бен мұрын құрылымының аномалиялары, есту қабілетінің төмендігі, тілді қозғалысқа келтіретін бұлшықет функциясының бузылуы (мысалы, дизартрия) сияқты физикалық ақаулардың болуы.